



МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА МӘСЕЛЕ КӨП...

5-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЗАҚША КОНТЕНТ САПАЛЫ МА?

9-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Еліміздің экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық. Қазақстан – Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі. Сондықтан сыртқы саудамызды еркін түрде дамытуымыз керек. Бірақ кемінде өз әлеуетіміз жететін нәрселермен өзімізді қамтамасыз етуіміз қажет.

№52
(4485)

Бейсенбі
4 мамыр
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАНЫҢ ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ

Астанада өткен жалпықалалық сенбілікке 62 мыңнан аса адам қатысты. Елорда тұрғындары қаланың тазалық жұмысына, сонымен қатар, көгалдандыруға белсенділікпен үлес қосты. Қала ішінде 8000-ға жуық жасыл желек отырғызылды. Сенбілік барысында қаланың 3,3 миллион шаршы метрден аса жер аумағы тазартылып, мың тоннадан астам қоқыс жиналып, арнайы полигонға шығарылды. Тазалық шарасына қатысқан астаналықтар сенбілікті еңбек мерекесіне айналдырғандай болды.

АВТОНЕСИЕГЕ ЖАҢА ТАЛАП ҚОЙЫЛАДЫ

4 пайыздық автонесиенің жаңа талаптары 15 мамырға дейін жарияланады. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев мәлім етті.

«Белгілі бір мөлшерден жоғары жалақы алатындар бағдарламаға қатыса алмайтынды етіп жалақы бойынша ең жоғары шекті белгілейтін боламыз. Бұл бағдарламаны одан әрі жетілдірумен байланысты. Жаңа талаптар 15 мамырға дейін жұртшылыққа жарияланады» деп жауап берді министр.

Сонымен бірге, министр бағдарламаға қатысу үшін міндетті бастапқы жарна туралы айтты.

«Қазір бізде Ұлттық банктің базалық ставкасы – 16%, сондықтан автонесиелеудің 4%-ын жақсы пайыздық мөлшерлеме деп санаймын» деп толықтырды ИИДМ басшысы.

АТАЖҰРТҚА ҚАНША ҚАНДАС ОРАЛДЫ?


2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 6114 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды.

Биыл Қазақстанға келген қандастардың 53,9 пайызы Өзбекстаннан, 19,1 пайызы Қытайдан, 12,1 пайызы Ресейден, 5,6 пайызы Түрікменстаннан, 5,7 пайызы Моңғолиядан көшіп келді. Қоныс аударған этника-

лық қазақтар, негізінен, Алматы (27,2%), Маңғыстау (13,8%), Түркістан (6,4%) және Жамбыл (5,1%) облыстарына, сондай-ақ Астана (11%), Алматы (8,8%) және Шымкент (7,1%) қалаларына қоныстанды.

ДУШАНБЕДЕН ЖҮЗІМ ЖЕТКІЗЕДІ

Астана мен Душанбе арасындағы әуе қатынасы қайта жанданады.



Қазақстан-Тәжікстан бизнес форумында екі елдің арасындағы көтерме-бөлшек сауда орталықтарының құрылысына қатысты келісімдерге қол қойылды. Бұл орталықтар Қазақстанға қажетті жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізуді ұлғайтуға

мүмкіндік береді. Өткен жылы біздің елге 23 мың тонна жүзім экспортталған болатын, биыл бұл көрсеткішті арттыру жоспарланып отыр. Форум барысында екі елдің үкіметтік комиссиясы Душанбе мен Астана арасындағы әуе қатынасы қайта ашылатынын мәлім етті.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.86 \$ USD/KZT 449.15 ₰ RUB/KZT 5.64 ¥ CNY/KZT 64.99

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды

елорда әуежайында қарсы алды. Мәртебелі қонақтың құрметіне әуежайда құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Сапар аясында

жоғары деңгейде екіжақты келіссөздер жүргізіледі және бірқатар маңызды құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

САПАСЫЗ ЖОЛДАР ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ

«Біз сапасыз орындалған жұмыстарды қабылдамаймыз, мұндай жағдайда мердігер өз есебінен қайта жөндейді» деді елордадағы бірқатар көшелердің құрылысымен танысқан қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

«Қалада жол салу, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Биыл жалпы ұзындығы 54 шақырымнан асатын 70-тен астам көшені жөндеуді жоспарлап отырмыз. Олардың бір бөлігі қаланың елді мекендерінде болмақ. Сондай-ақ, аялдама бұрылыстарын, пандустарды, тротуарларды, әлеуметтік нысандарға кірме жолдарды және тағы басқаларды жабдықтаймыз» деп жазды Ж.Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы аралау кезінде мына көшелер құрылысының барысымен танысты, олар: Н.Тілендиев даңғылы мен Болашақ көшесі арасындағы А.Кенжин көшесі; Бөгенбай батыр даңғылынан

Кенесары көшесіне дейінгі Жеңіс даңғылы, Ұлы дала даңғылынан Бұқар жырау көшесіне дейінгі Еңбекшілер көшесінің құрылысы; Мәңгілік ел даңғылынан Қ.Қайсанов көшесіне дейінгі Т.Рысқұлов көшесі, Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесі арасындағы екі деңгейлі көлік айырығы.

«Жаңадан салынып жатқан аудандарға тоқталар болсам, инженерлік инфрақұрылымы мен үйлердің құрылысы біткеннен кейін ғана негізгі жолдары салынады. Оған дейін уақытша төсеммен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, биыл Есіл өзені арқылы Тәуелсіздік даңғылына өтетін көпірді ашамыз. Бұл көпір жолдардағы көлік нөпірін едәуір

азайтуға мүмкіндік береді: Тәуелсіздік даңғылы, жаңа теміржол вокзалы ауданы, Р.Қошқарбаев даңғылы, Ж.Нәжімеденов көшесі, Әзірет Сұлтан мешіті ауданы, А.Байтұрсынов көшесі, Қордай, Айнакөл, Б.Момышұлы даңғылы мен сол жағалау арасында қосымша байланысты қамтамасыз етеді» деп түсіндірді әкім.

Қала басшысы, климаттық жағдайларды ескерер болсақ, жол жұмысының маусым қысқалығын атап айтты.

«Жолдарды сапалы етіп салуды міндеттедім. Біз сапасыз орындалған жұмыстарды қабылдамаймыз, мұндай жағдайда мердігер өз есебінен қайта жөндейді» деп сөзін түйіндеді әкім.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

АҚШ-та екі ай ішінде үшінші банк банкротқа ұшырады.

Калифорния штатының билігі First Republic банкінің жауып, оның ақивтерін депозиттерге кепілдік беру жөніндегі федералды корпорацияның кеңсесіне өткізді. Енді First Republic-тің барлық депозиті мен активі АҚШ-тың ең ірі банкі саналатын JPMorgan-ға беріледі. Банкрот болған банктің акциялары өткен аптада 75 пайызға құлдыраған еді. Жалпы, 2022 жылдың соңында First Republic АҚШ-тағы ең ірі 14-банк саналған.



Қытайдың Ляонин провинциясындағы Далянь қаласында (солтүстік-шығыс Қытай) көлік қозғалысына арналған су астындағы автомобиль туннельі ашылды.

Туннель құрылысы мен қолданылуына жауапты компания бас инженерінің орынбасары Сунь Чжу атап өткендей, ұзындығы 5,1 шақырым болатын туннель алты жолақты. Мұндағы көліктің жылдамдығы 60 км/сағ-тан аспауы керек. Бұл туннель Даляньвань шығанағының солтүстік және оңтүстік жағасын байланыстырып, көлік кептелісін азайтады.



Германияда бірыңғай жол жүру билеті қолданысқа енгізілді.

Ол көліктің барлық дерлік түріне жарамды. Бірыңғай билеттің бағасы – 49 еуро. Осы билетпен пойыз, трамвай, автобус, метро мен паромда жүре алады. Тек жүрдек пойыздар мен алыс қашықтыққа қатынайтын автобуста жолақы бөлек төленеді. Германия Көлік министрінің мәлімдеуінше, бұл – ауаның ластануын азайтуға және қымбатшылық дағдарысын еңсеруге бағытталған қадам.

ФУТБОЛ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық футбол федерациясының президенті Джанни Инфантиноны қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан футболының әлеуетін арттыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джанни Инфантиноны ФИФА президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, бүкіл әлемде, сондай-ақ елімізде футболдың дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ФИФА-мен арадағы ынтымақтастықты кеңейту перспективасына жоғары баға берді.

«Сіздің сапарыңыз Қазақстан футболын дамыту тұрғысынан өте маңызды деп санаймын. Әлемде ең танымал спорт саналатын футболды дамытуда ауқымды іс атқарып жатқаныңызды білемін. Сіздің еңбегіңізді құрметтейміз және ФИФА

президенті ретінде қолдаймыз. Біз ФИФА-мен және жеке өзіңізбен ынтымақтастықты нығайта түсуге дайынбыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстанда 1 миллионнан астам адам футболмен жүйелі түрде шұғылданады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында 17 футбол орталығы және 2 академия жұмыс істейді. Онда 7 мыңнан астам бала жаттығады.

Джанни Инфантино ФИФА-ның үздік халықаралық тәжірибесін бөлісуге және Қазақстандағы футболдың дамуына атсалысуға дайын екенін айтты.

«Еліңізге бірнеше рет келгенмін, бірақ ФИФА президенті ретінде алғаш рет келіп тұрмын. Осы себепке орай сізбен кездесіп отырғаным қуаныштымын. Бұл тамаша елдегі әрбір футбол жанкүйері сияқты Сіз де футболды ұнататыныңызды білемін. Біз бірлесіп отырып, көптеген ауқымды істерді атқара аламыз. Қазақстан тек аймақта ғана емес, әлемдік деңгейдегі өте маңызды елге айналды. Қазақстан – ФИФА үшін сенімді серіктес. Біз бірге жұмыс істеуіміз қажет. Себебі осы елдегі, сондай-ақ басқа елдердегі қоғамды футбол арқылы біріктіру үшін мүмкіндік мол» деді Джанни Инфантино.



ШАХМАТ ЭЛИТАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев классикалық шахмат бойынша әлем чемпионы атағы үшін сайысқа түскен Ян Непомнящий мен Дин Лижэньді, сондай-ақ Халықаралық шахмат федерациясының (ФИДЕ) президенті Аркадий Дворковичті қабылдады.

Мемлекет басшысы қонақтарға ілтипат білдіре отырып, ФИДЕ аясындағы өңірлік спортшылар қатысқан ең беделді турнирдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Мен, ең алдымен, Дин Лижэнь мырзаны тартысты өткен сайыста әлем чемпионы атағын жеңіп алуымен құттықтағым келеді. Сондай-ақ гроссмейстер Ян Непомнящийге көрсеткен шеберлігі үшін құрметімді білдіремін. Әлемнің бүкіл шахмат қоғамдастығы турнирге назар аударды. Шахмат жанкүйерлері шаршы тақтадағы ойынды жіті бақылады. Турнир сәтті өтті деп есептеймін» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда шахматты дамытуға айрықша көңіл бөлінетінін айтты.

«Бүгінде елімізде 200 мыңнан аса адам шахматпен шұғылданады. Қазақстан Республикасы Шахмат федерациясының көмегімен және ФИДЕ-нің атсалысуымен бұл

көрсеткіш кемінде екі есе артуға тиіс. Қазақстанда шахмат тиісті деңгейде дамиды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Халықаралық шахмат федерациясының басшысы Аркадий Дворкович құрмет көрсеткені үшін Президентке алғыс айтты.

«Біздің соңғы кездесуімізден бері 7 айға жуық уақыт өтті. Осы уақыт аралығында Сіздің жан-жақты қолдауыңызбен Қазақстанда бес әлем чемпионатын өткіздік. Шахмат спорты Қазақстанда қаншалықты танымал екеніне куәміз. Цифрлар таңғалдырады. Әрі ол келешекте арта түседі. Мен бұлға сенімдімін. Өйткені мемлекет пен демеушілер тарапынан көрсетілетін қолдау арқашан жақсы нәтиже береді» деді ФИДЕ президенті.

Аркадий Дворковичтің айтуынша, әлем чемпионатының аясында көптеген қосымша жарыс өтті. Атап айтқанда, Қазақстанның әйелдер құрамасының әлем құрамасына қарсы ойыны, балалар тур-

нирлері, әлемнің жетекші шахматшыларының қатысуымен шеберлік сағаттары мен бірреттік ойын сеанстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ ол биыл жазда Қазақстанда алғаш рет мектептер арасында әлем чемпионатын өткізу жоспарланып отырғанын жеткізді. Жарысқа кемінде 80 елдің өкілі қатыспақ.

Қытай гроссмейстері Дин Лижэнь осы матчқа шақырту алғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

«Сізбен кездесу – біз үшін зор мәртебе. Осы турнирге қатысып, жеңіске жеткенім үшін қуаныштымын. Ойыннан керемет ләззат алдым» деді ол.

Өз кезегінде гроссмейстер Ян Непомнящий Қазақстанда шахматқа қызығушылық жоғары екеніне назар аударды.

Кездесу соңында Президент шахматшылардың биік белестерді бағындыруына тілектестік білдірді. Сондай-ақ ФИДЕ-мен арадағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру маңызды екенін атап өтті.



«JOLTAR» ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Елорда тұрғындарын жұмыспен қамтып, табысын арттыруға бағытталған «JOLTAR» жобасы іске қосылады. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек шағын және орта бизнеске жататын қоғамдық тамақтану, құрылыс, көлік, қызмет көрсету және тағы басқа саланың өкілдерімен кездескенде мәлімдеді.

Бұл жоба әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерін жүзеге асыруда маңызға ие. Яғни Мемлекет басшысы ұсынған әлеуметтік реформалардың бірі ретінде дамиды. Жобаның серіктесі – «Баршаға мүмкіндік» қоғамдық қоры. Жобаның мақсаты – мұқтаж аза-

маттардың өмірлік жағдайын анықтау. Бұған «Баршаға мүмкіндік» деп аталатын модульдік пункттерді халық көп жиналатын орындарға орналастыру арқылы қол жеткізіледі.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек жобаның идеясы азаматтардың бірыңғай деректер

базасын құрып, кірісін арттыру жолында жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын қалыптастыратынын атады.

Цифрланған әлемге ілесіп, әлеуметтік желінің мүмкіндігін мейлінше пайдалану – маңызды міндет. Сондықтан бос жұмыс орындары жәрмеңкесі бірыңғай Telegram арнасында жүргізіледі.

Бастаманың нәтижелі болуына нақты қадам жасалып, әкімдік, «Баршаға мүмкіндік» қоғамдық қоры мен «Магнум», «Технодом», «Гэл-тэтті» сынды ірі-ірі сала көшбасшыларының төрағалары ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ЖАСТАРДЫҢ «ЖАСЫЛ ЕЛІ»

«Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы – жастар мен балаларды экология мәдениетіне, табиғатты аялауға және еңбекке баулуға арналған игілікті бастама. Астана қаласында осы бағдарлама аясында жұмыс істеуге ниет білдірушілер қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Биыл елордада жаз бойы 4 мыңнан аса адам ағаш отырғызу және күтім жасау, жас көшеттерді қопсыту және суару жұмысымен айналысады. «Жасыл ел» жобасына қатысушылардан өтінімдер қабылдау 20 мамырға дейін жалғасады. Кеше Астанада Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XIX еңбек маусымы ашылды.

Ашылу салтанатын Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен осымен 19-жыл «Jasyul el» бағдарламасы іске асырылып келеді. Жыл сайын «Жасыл ел» сарбаздары қатарында жұмыс істеуге қызығушылық танытқан жастардың саны артып келеді. Олар қаламыздың құрылыс шеберлердің (құрылыс инженерлері, технологтар, монтаж-құрылыс жұмыстарының шеберлері) көмекшісі қызметін, қала маңындағы «Жасыл белдеуде» ағаш отырғызу, талдар мен көшеттерді қопсыту және суару, ағаштар мен көшеттерге күтім жасау жұмысына атсалысып, тазалық жұмысын жүргізетін болады.

«Биыл «Жасыл ел» еңбек жасағы қатары 1200-ден 4200-ге артты. Бұл бағдарламаға 14 жастан бастап мектеп оқушылары, студенттер және 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар қатыса алады. Олардың қатарында көпбаллы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларының балаларын жазғы



уақытта жұмыспен қамту көзделген. Қатысушылар күн сайын 4 сағат жұмыс істеп, әр айдың соңында 65 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Бұл жобаға қатысатын жастардың барлығы арнайы экипировкамен қамтамасыз етіледі» деді Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Бағдат Атымтай.

Салтанатты жиыннан бөлек, кәсіптік-техникалық колледждің

аумағында ағаш отырғызу шарасы да өткізілді. Оған бағдарлама бойынша жұмысқа орналасқан Ислам Айтқалиев те қатысты.

«Jasyul el» бағдарламасы бойынша биыл осымен екінші рет жұмыс істеп жатырмын. Мұнда жаңа орта таптым және жаңа достармен таныстым. Әр ай сайын бізге жалақы төленеді. Тапқан табысымды күнделікті қажеттілікке жұмсадым. Сондай-ақ бір бөлігіне ата-анам сыйлық сатып алдым. Жаз мезгілімен қоса күзде де жұмыс істедім. Күзде оқумен қатар алып жүруге болады» деді 1-курс студенті.

Жазғы еңбек маусымында жастарды жұмыспен қамтуға «Базис-А» құрылыс компаниясы, «Астана көгалдандыру құрылысы» АҚ, «Астана орманы» ЖШС, 100-ден аса білім беру мекемелері, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғары оқу орны серіктес болуға келісім берді. Жобаға қатысуға өтінім қабылдау 20 мамырға дейін жүргізіледі. Мектеп оқушылары өз мектебіне жүгінуі тиіс.

Дайындаған **Индира БЕРЖАНОВА**



Шығыс Африка елдері құрғақшылықтың зардабын қатты тартуда.

Қуаңшылық салдарынан дақылдар шықпай, Сомалиді аштық қаупі жайлады. Жергілікті халықтың негізгі асы – жүгері тапшылығы сезіліп, 23 пайызға қымбаттады. Аймақтың 150 мың тұрғыны босып, Долоу қаласына келген. Былтыр ашаршылықтан 43 мың адам қырылған-ды. Құрбандардың арасында балалар көп. Біріккен Ұлттар Ұйымы көмек көрсету үшін әлем елдерінен 2 миллиард 600 миллион доллар қаржы сұрады.



Hyundai Mobis компаниясының e-Corner жаңа жүйесімен жабдықталған көлігі кез келген кептелістен шыға алады.

Жаңа жүйені корейлік компания Ioniq 5 электр көлігіне орнатып, оның қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін көрсету үшін жалпыға ортақ жолдарда көрсетті. e-Corner жүйесімен жабдықталған көліктің тежегіштері, рульдік басқаруы, амортизаторлар мен доңғалақтарды қозғалту тәсілі инженерлік шешімнің арқасында барлық төрт доңғалақты да бірге немесе бөлек 90 градусқа бұруға мүмкіндік берді.

ASTANA AQSHAMY

ТЕҢІЗШІЛЕР ӘСКЕРДЕН ОРАЛДЫ

«Астана-1» теміржол вокзалында рухани-патриоттық іс-шараға куә болдық. Әскери-теңіз күштерінде Отан алдындағы борышын өтеген 40 матросты салтанатты жағдайда қарсы алды.



Әскери-патриоттық шараға Қорғаныс министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің өкілдері арнайы келді. «Қарулы Күштер ардагерлері» қоғамдық бірлестігі, Ауған соғысы ардагерлері қауымдастығы, «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының өкілдері бой көрсетті. Қорғаныс министрлігі орталық әскери оркестрі іс-шараның мән-мазмұнын арттыра түсті.

Қазақстан Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері Бас қолбасшысының орынбасары, полковник Жұмабек Хасенов пен «Қарулы Күштер ардагерлері» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов жалынды ойымен бөлісті. Ата-аналар атынан Берікбек Сейдуллаұлы, матростар арасында Берік Надралиев пен Сергей Антипенко сөз сөйледі.

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінде «Қазақстандағы және шетелдегі жұртшылықпен байланыс (PR): өзекті мәселелері және даму аспектілері» атты халықаралық практикалық конференция өтті.

Бүгінгі нарық заманында мемлекеттік және коммерциялық мекемелер өзінің жұмыс бағытында кәсіби PR қызметіне мұқтаж. Себебі PR арқылы олар мықты имидж, қоғамдық пікір қалыптастыра алады, компания атының тез танылуына ықпал етеді. Жарнамаға қарағанда шығын да аз кететінін ескерсек, мұның пайдалы жағы көп. Мекеменің атқарып жатқан жұмысын елге танытуда PR мамандарының да рөлі ерекше. Осы тақырыпқа арналған басқосуды телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы ұйымдастырды. Аталмыш конференция әлемдегі және Қазақстандағы қоғаммен байланыс (PR) саласының даму перспективаларын анықтау, дағдарысқа қарсы PR технологияның шығармашылық саладағы рөлін айқындау, жоғары оқу орындарында PR мамандарын дайындаудың заманауи әдіс-тәсілімен бөлісуге бағытталды.

Онлайн және офлайн форматта өткен жиынға еліміздің және Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекетінің ғалымдары, докторанттар мен магистранттар, мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың қоғаммен байланыс (PR) саласында қызмет етіп жүрген кәсіби мамандар қатысты. Конференция барысында қатысушылар Қазақстандағы және шетелдегі қоғаммен байланыс қызметінің өзекті мәселелерін айтып, елімізде PR саласын дамытуға қатысты салмақты пікірлерін ортаға салды.

Білім беру, әлеуметтік-мәдени саладағы қоғаммен байланыстың даму тенденциялары, саяси имидж қалыптастырудағы PR маңызы, оның құралдары, таргетті жарнаманың тиімділігі сөз болған жиында түрлі ұсыныс айтылып қана қоймай, болашақ PR мамандарын оқытуға қатысты жоспарлар да сөз болды.

МУЛЬТФИЛЬМДІ ТЕГІН ТАМАШАЛАДЫ

Елордада «Жан жылуы» шарасы аясында балалар үйінің тәрбиеленушілері кинотеатрға тегін барды.

«Keruen city» сауда, ойын-сауық орталығының кинотеатрында Астана қаласы әкімдігінің, «Кинопарк» кинотеатрлар желісінің қолдауымен «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен астаналық балалар үйінің тәрбиеленушілері «Ағайынды Супер Марио кинода» атты мультфильмді тегін тамашалады.

«Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек болашақ сарбаздарды мәдениетке баулу патриоттық тәрбиеде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Залда 8 бен 18 жас аралығындағы 90-нан астам балалар мен жасөспірімдерді, соның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілері мен «Жас сарбаз»

қозғалысының қатысушылары жиналды. Біз өз қатарымызға жас сарбаздарды шақыруға ынтылалымыз. Жалпы мұндай акциялар тұрақты түрде өткізіледі» деді ол.

Мектеп оқушысы Темірлан Саржанов құрдастарымен бірге кинокөрсетілімге барып, шытырман оқиғаға толы мультфильмді көру барысында серігіп қалғанын жеткізді.

«Мен қайырымдылық шарасына бірінші рет қатысып отырмын. Маған қатты ұнады. Біздің оқу орнымызда патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. Болашақта мен де Отанға адал қызмет етіп, өз елімді қорғағым келеді» деді оқушы.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта елорданың 95 мектебі мен 37 колледжінде «Жас сарбаз» сыныбы мен клубы құрылып, барлық тәрбиеленушілер саны 7000 адамнан асып отыр.



ЭТНОС ӨКІЛДЕРІ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Триатлон» саябағында түрлі этнос өкілдерінің қатысуымен дәстүрлі түрде ағаш отырғызылып, саламатты өмір салты насихатталды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында саяси модернизациялау және этносаралық халықтың бірлігі жолында рөлін атап өткен еді. Міне, бүгін сол шара жалға-



сын табуда. Бүгінгі күнге орай алғаш рет ұйымдастырылып жатқан жүгіру жарысы барлығымызға жақсы көңіл күй сыйласын!» деп іс-шара барысында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Жарысқа 300-ден астам әуесқой спортшы жиналып, 500 метрге және 2, 5 шақырымға жүгірді. Салтанатты іс-шараның соңында барлық қатысушы арнайы медальдармен марапатталды.

АСТАНА АСПАНЫ ӘН МЕН КҮЙГЕ БӨЛЕНДІ

Еліміздің түкпір-түкпірінде Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі тойланып жатқанда Астанадағы Сарыарқа ауданының әкімдігі де бірлік пен этносаралық келісімнің жарқын мерекесіне орай іс-шара ұйымдастырды.



Түскі сағат 12.00-ден бастап қала әкімдігі орналасқан алаңға жұрт көптеп жиналды. Астананың аспанын ән мен күйге бөлеп, сахнада эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Халықтың сүйіктісіне айналған Гүлнұр Оразымбетова, Алмас Кішкенбаев, Жігер Аупбаев, Әлішер Кәрімов, Дос, Қайрат Баекенов, Серік Ибрагимов сынды танымал әншілер әуелете шырқаған ән жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Концерттен бөлек тұрғындар ұлттық ойындар жарысын тама-

шалап, жәрмеңкеден өздеріне ұнаған бұйымдарды сатып алып жатты. Сондай-ақ елордалықтар мен қала қонақтары асық ату, қол күрес, арқан тартыс, гир көтеру секілді жарыстарды көріп, кейбірі тіпті өздері де бақ сынады.

Спорттық жарыс жеңімпаздары бағалы техникалық сыйлықтармен марапатталды.

Мерекелік іс-шарада корей, шешен-ингуш, татар мәдени орталықтарының өкілдері өнер көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленуде. Әсіресе, кавказ ұлтының өкілдерінен

құралған ұжымның «Zazan» биі жұртшылықты тәнті етті.

– Ұйымдастырушыларға осындай концерт өткізгені үшін алғысым шексіз. Жұрт мерекелік көңіл күйде, бәрі де көңілді. Концерт өте тамаша деңгейде өтіп жатыр. Ересектер үшін де, балалар үшін де қызықты іс-шара. Барша қазақстандықтарды бүгінгі Бірлік күні мерекесімен құттықтаймын! Аспанымыз ашық, әр отбасында амандық болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді елордалық Александра Корнилова.

Елордадағы «Арғымақ» ат-сауықтыру спорт кешенінде Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған ат спортының конкур түрінен «Халықтар бірлігі» кубогына арналған гран-при өтті.

КЕДЕРГІЛЕРДІ БАҒЫНДЫРДЫ

Қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Бахтияр Масанов қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл сында Алматы, Астана, Қарағанды қаласы мен Алматы облысынан шалт қимылдайтын 50-ге тарта шабандоз өнер көрсетті.

Сәйгүліктер үш бағдарламада сынға түсті. Яғни қатысушылар 110, 120 сантиметрлі кедергіден атпен қарғып өтіп, биіктікті бағындырды. «Халықтар бірлігі» кубогына таласқандар 130 сантиметр болатын кедергілерден мүлтіксіз өтуі керек болды.

Астана қаласы әкімдігінің



қолдауымен, Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлерінің федерациясының ұйымдасты-

руымен өткен жарыстың жалпы жүлде қоры 12 000 000 теңгені құрады.

МАМЫР КЕЛСЕ, МЕЙРАМДАР БАСТАЛАДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Бейбітшілік және келісім сарайы алаңындағы амфитеатрда мерекелік концерт өтті. Астана қаласы әкімдігінің Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы әртістері, «Наз» Мемлекеттік би театрының өнерпаздары, «Манхэттен» тобы қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл күй сыйлады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

– 1 мамыр баяғыда еңбеккерлердің мерекесі еді. Қазір бірлік мерекесіне айналды. Көп ұлтты елміз ғой, кеше бір статистиканы оқыдым. Қазағымыз елдегі бүкіл халықтың 76 пайызы болыпты, 15 пайыздай орыс, 4 пайыздай өзбек, кәріс, басқа да ұлттар бар екен. Күні кеше ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы-

ның сессиясында сөз сөйледі. Сонда мемлекетқұраушы ұлт қазақтардың айналасында басқа ұлттар топтасу керек деп айтты. Бұл өте дұрыс. Өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары елімізге күштеп көшірілген талай ұлттарға қазақ жақсылық жасады. Өз елдеріне көшіп кеткен, Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлттар қазақтың қонақжайлығы жайлы айтып жатыр. Негізгі мәселе – халықтың бірлігі. «Бірлік бар жерде –

тірлік бар» дейді. Соны бәрі түсінуі керек. Бастысы, елде ешкімді алалау жоқ. «Болашақпен» шетелге оқуға қазақ та, басқа да барып жатыр.

Мамыр келсе, мейрамдар басталады. Бірлік күніне орай қалалық Мәдениет басқармасы ұйымдастырған концертті тамашалап отырмыз. Бірліктен ешқашан ажырамайық, – деді Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Марат Мұстафин.

ЖАҢА АДАМДАР ҚОЛТАҢБАСЫ

Қазақстан халқының бірлігі күнінде «Жаңа адамдар» қозғалысының белсенділері өз қолтаңбасын қалдырды. Елордадағы «Серуен» жаяу жүргіншілер көпіріне «Бірлік көпірі» мадоннариин салды.



Каллиграф Тамерлан Кияров бір суретке Қазақстанда тұратын 50 этникалық топтың атын біріктірді. 7 метрлік кескіндер Қазақстан халқы-

ның көп мәдениеттілігі мен бірлігін бейнелейтін шеңберлерден тұрады. Композицияның ортасында жаңа, әділ Қазақстанның қағидаттарын

еске салатын «Бірлік» және «Ынтымақ» сөздері жазылған. Бұл бір шаңырақ астында, бір дастарқан басында, бәріміз бірге өмір сүре аламыз дегенді білдіреді. Сондықтан да, мадоннари шеңбер түрінде бейнеленген.

Жаңа арт-объект елорда тұрғындары мен қала қонақтарының тартылыс нүктесіне айналады, сондай-ақ жастардың мәдени, саяси және шығармашылық дамуына ықпал етеді деп сенеміз» дейді «Жаңа адамдар» ұйымының белсендісі Алина Сидоренко.

БҰЛ – БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАН


Астанада 2500-ден астам бала қатысқан «Бұл – біздің Қазақстан» ұлттық киімдер флэшмобы Қазақстан халқының бірлігі күні мен Халықаралық би күні қарсаңында өтті.

Елордалық барлық білім беру ұйымдарында бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша өтетін шараның мақсаты – әлем халықтарының дәстүрлі би өнерімен және олардың шығармашылығымен таныстыру, ұлтаралық және кон-

фессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау. Осылайша оқушыларды достық, толеранттылық сезімдерін нығайтуға, жасөспірімдердің қоғамдық белсенділігін арттыру мен өскелең ұрпаққа дұрыс үлгі танытуға үлес қосады.

Көктемнің көңілге шаттық сыйлаған әсем мерекесі Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының алдындағы хореографиялық ұжымдар мен этнолингвистикалық орталықтар қатысқан мерекелік бағдарламамен аяқталды.





7 TV schedule table with times and program titles.

31 TV schedule table with times and program titles.

7 TV schedule table with times and program titles.

31 TV schedule table with times and program titles.

7 TV schedule table with times and program titles.

HTK TV schedule table with times and program titles.

22.20 «БЕЗУМНЫЙ КУШ»... QAZAQSTAN logo.

6:00 Әнұран... 23:30 Тағдыр талқысы.

05:00 Телесериал... 22:45 Мегахит.

06:00 «Кішкентай келін»... 00:00 «31 әзіл».

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ»... 00:00 «П@УТИНА».

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР... 20:35 «КТКweb».

21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 04.10-04.40 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.

06:00 Әзіл студио... 04:30 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»... 04:40 Т/п «Қуырдақ».

07:00 «Разминка»... 04:10 – 05:00 «Екі езу».

СЕНБІ 13 МАМАР

6:00 Әнұран... 3:10 «Күй-керуен».

05:00 "ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК"... 22:15 МЕГАХИТ.

06:00 «Кішкентай келін»... 01:45 «Жұлдызбысың?».

06:00 Т/п «Қуырдақ»... 3:40 «П@УТИНА».

07:05 "МӘССАҒАН"... 03:55-04:40 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ».

07:00 Әзіл студио... 05:30 Ризамын.

06:00 Т/п «Қуырдақ»... 00:50 Х/ф «Полночь в Париже».

02:20 Т/п «Келесі кім?»... 04:50 Т/п «Қуырдақ».

07:00 «Бүлдір-күлдір»... 04:00 – 05:00 «Екі езу».

ЖЕКСЕНБІ 14 МАМАР

6:00 Әнұран... 2:35 «Жәдігер».

05:00 "Жұлдызды жекпе-жек"... 22:45 Мегахит.

06:00 «Кішкентай келін»... 00:30 «Ащы шындық».

6:00 «ТОЙ БАЗАР»... 18:00 Премьера.

20:00 «ГРАНИ»... 3:45 «ТОЙ БАЗАР».

07:05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»... 03:00-04:30 ФАЗИХАН ШЕКЕРБЕКОВТЫҢ ӨН КЕШІ.

06:00 Әзіл студио... 05:30 What's up?

06:00 Әзіл студио... 05:30 What's up?

СУРЕТ СЫРЫ

ТҮҢ ӨЛКЕСІНДЕГІ ПОЭЗИЯ АПТАЛЫҒЫ

1970 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Жазушылар одағының секретары, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жұбан Молдағалиев бастаған бір топ ақын-жазушы «Қазақстан поэзиясының апталығын» өткізу үшін Целиноград қаласына келді.



Ақын-жазушылар апталықтың алғашқы күні таңертеңгі 11.00-де Саяси ағарту үйінде облыстағы шығармашылық жастармен, жас талап әдебиетшілермен кездесіп, семинар өткізді.

